Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 42 (1201)

25.10.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

34 КӨПҚАБАТТЫ ҮЙДІҢ ШАТЫРЫ МЕН 10 ҮЙДІҢ ҚАСБЕТІ

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ ЕСЕБІНЕН ЖӨНДЕЛУДЕ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БИЫЛ ТАЛДЫҚОРҒАН, ТЕКЕЛІ ҚАЛАЛАРЫ МЕН КӨКСУ АУДАНЫНДА 34 КӨПҚАБАТТЫ ҮЙДІҢ ШАТЫРЫ МЕН 10 ҮЙДІҢ ҚАСБЕТІ ЖӨНДЕЛЕДІ. ОҒАН ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕН 702,5 МЛН. ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ.

Талдықорған қаласының өзінде ғана биыл 28 үйдің шатырына жөндеу жұмыстары жасалуда, ал Текелі қаласында 5 үйдің, Көксу ауданында 1 үйдің шатыры жөнделіп бітті.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтің айтуынша, бүгінгі күні он үйде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын.

Қалған 18 көпқабатты үйдегі жөндеу ісі қараша айының аяғына дейін аяқталуы тиіс. Бұдан бөлек, қаланың бірнеше шағын ауданында осы жылы 10 үйдің қасбеті жөнделді.

Талдықорған қаласы Назарбаев даңғылында орналасқан ескі үйлердің тұрғындары қабылданған шараларға оң пікір білдірді: «Біздің үйлеріміз алпысыншы жылдары салынған, жалпы жағдайы жақсы болғанымен шатыры тозып тұр еді. Әсіресе, жаңбырлы күндері қиналатынбыз. Бұл үйлерде негізінен зейнет жасындағы азаматтар тұратындықтан шатырды өзіміз жөндеуге жағдайымыз келмеді. Жергілікті әкімдіктің қолдауымен бұл мәселе шешімін тапты. Қазір күн ашық, жылы болғандықтан жұмыс та белсенді жүріп жатыр. Әрине, тұрғындар риза», – дейді талдықорғандық тұрғын Татьяна Муфтахтинова.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасымен Талдықорғанда облыс орталығын абаттандыру жұмыстары басталды.

«Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту – Мемлекет басшысы алдымызға қойған негізгі міндет. Осы ретте біз барлық қажетті шараларды қабылдап жатырмыз. Жалпы соңғы 2 – 2,5 жыл ішінде ауылдық елді мекендерді дамыту мақсатында облыстың аудандары мен ауылдарында тұрғын үй, әлеуметтік нысандар салуға көп көңіл бөлдік. Енді тұрғындардың жайлы өмір сүруіне, балалардың қауіпсіздігіне толыққанды жағдай жасау үшін алдағы 2 жылда облыс орталығын абаттандырумен кешенді түрде айналысамыз. Шатыр, қасбет, аула, арық жүйесі, аула сквелрері жөнделеді. Сөйтіп кезең-кезеңімен 2-3 жыл ішінде қаланың барлық ескі шағын аудандарын ретке келтіреміз. Осы мақсатта келесі жылдан бастап коммуналдық саланы дамытуға бағытталған қала бюджетін екі есеге арттыруды жоспарлап отырмыз», – деді облыс әкімі Б. Исабаев Талдықорғанды аралау кезінде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Суретті түсірген – Ж. МҰСАБЕКОВ.

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫМЕН БІР ТОП АЗАМАТ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУЫНА, ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТЫ НЫҒАЙТУҒА ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ МЕН БЕЛСЕНДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН БІР ТОП АЗАМАТ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

Бұл туралы «Алатау» басылымы Ақордаға сілтеме жасап хабарлайды.

Олардың қатарында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ғылым қайраткерлері, өндіріс, бизнес салаларының көрнекті өкілдері, депутаттар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар және еңбек ардагерлері бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы отандық ғылымды дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық қызметтегі аса үздік еңбегі үшін Президент жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті А. Жұмаділдаевқа, елдің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін Алматы қаласы №4 арнайы мектеп-интернатының мұғалімі Г. Нұрпейісоваға, Орал қаласы А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мұғалімі Э. Траисоваға және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін Қарағанды облысы «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Г.Прокопқа берілді.

«Отан» орденімен Кардиохирургия және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығының директоры С. Жошыбаев пен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н. Оразалин марапатталды.

I дәрежелі «Барыс» ордені Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары А. Рауға, Р. Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртісі Н. Өнербайға, еңбек ардагерлері Қ. Жақыповқа, Ө. Озғанбаевқа, В. Редкокашинге және С. Шәкіратқа, Алматы қаласы «Persona» халықаралық клиникалық репродуктология орталығының басшысы В. Локшинге, **II дәрежелі «Барыс» ордені** Қазақстанның Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Н. Онжановқа және еңбек ардагері Ж. Шәріповке, **III дәрежелі «Барыс» ордені** Премьер-Министрдің орынбасары Т. Дүйсеноваға, шахматтан әлем чемпионы Б. Асаубаеваға, Қызылорда облысының әкімі Н. Нәлібаевқа, Тараз қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы С. Сейдәзімовке табысталды.

Сонымен қатар, бір топ белгілі ғалым, мәдениет, білім саласының қайраткерлері және өндіріс өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер **«Парасат» орденінің иегері** атанды. Олардың қатарында Алматы қаласы «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы З. Аманжолова, Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Арғымақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры О. Байділда, «Қазақстан авторлар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры Б. Есенәлиев, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Х. Қалиламбекова, С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының актері К. Кемалов, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас директоры К. Матыжанов, Түркістан облысының әкімі Д. Сатыбалды, «Мағжан» әдеби-көркем журналының бас редакторы Ж. Сүлейменов, Шымкент қаласының әкімі Ғ. Сыздықбеков, М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актрисасы Д. Темірсұлтанова бар.

Ұлтаралық бейбітшіліктің дамуына сіңірген елеулі еңбегі үшін **«Ел бірлігі» орденімен** Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі С. Героев, күрдтердің «Барбанг» қауымдастығының төрағасы А. Алиев, «Мицва» қауымдастығының төрағасы А. Барон және «Динар-Электромаш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тең құрылтайшысы С. Вишняк марапатталды.

Еліміздің дамып, өркендеуіне елеулі еңбегі сіңген бір топ азамат, соның ішінде Алматы қаласындағы «Балдәурен» балаларды оңалту орталығы» КМК директоры Ш. Абесов, «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Р. Бектұров, Астана қалалық Жас көрермендер театрының актрисасы С. Еслямова, скрипкашы Ж. Серкебаева, Қосшы қаласындағы мектеп-гимназияның директоры Д. Асқарова **«Құрмет» орденімен** марапатталды.

Бұдан бөлек, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да өндіріс салаларының жұмысшылары мен еңбеккерлері II және III дәрежелі **«Еңбек даңқы» орденін** иеленді. **«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы** ғылым және мәдениеттің көрнекті өкілдеріне табысталды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, ақын-жазушылар Т. Медетбек, В. Михайлов және И. Сапарбай «Қазақстанның халық жазушысы» атағына ие болды. «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағы еліміздің көрнекті мәдениет қайраткерлері: театр және кино актерлері К. Жұмабековке, Л. Кәденге, О. Коржеваға, И. Лебсакқа, Р. Махпироваға, Г. Шынтемірге және Ә. Ыдырышевқа, опера әншілері М.Мұхамедқызы мен Ж. Баспақоваға, дирижер А. Мұхитдинов пен күйші С. Тұрысбекке, сондай-ақ белгілі әнші М. Ілиясоваға берілді.

Сонымен қатар, биылдан бастап құрметті атақтар қатарына «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы қосылды. «Ұлттық ғылыми медициналық орталығы» акционерлік қоғамының бас директоры А. Байгенжин, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі гематология орталығының басшысы В. Кемайкин және Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасының дәрігері Б. Цхай жаңа құрметті атақтың алғашқы иегерлері атанды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайту кезінде көрсеткен ерлігі үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы **I және II дәрежелі «Даңқ» орденімен, II және III дәрежелі «Айбын» орденімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін»** медальдарымен марапатталды. Атап айтқанда, суға батып бара жатқан адамды құтқарғаны үшін **Р. Қошқарбаев атындағы III дәрежелі «Айбын» орденімен** Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының аға жауынгері Ж. Пермабек, **«Ерлігі үшін» медалімен** Павлодар облысы полициясының учаскелік аға инспекторы Е. Қойкен, Ақтөбе қаласының полиция инспекторы Ф. Нұрманов, Талдықорған қаласының полиция инспекторы С. Серіккалиұлы, жасөспірімді өрттен құтқарғаны үшін Атырау қаласы полициясының учаскелік инспекторы Д. Қорғанбаев наградталды.

Жалпы биылғы мемлекеттік наградаларды тағайындауда қарапайым жұмысшылардың мәртебесін асыруға, еңбек әулеттерінің қоғамдағы абырой-беделін арттыруға айрықша мән берілді. Марапат иелерінің қатарында 450-ден астам жұмысшы, 137 педагог, 80-нен аса ғалым, 100-ге жуық құтқарушы мен ерікті бар.

Еңбек династияларын марапаттау дәстүрі биыл да жалғасын тапты. Бұл жолы мұғалімдер, өндірісшілер, теміржолшылар әулеттері құрметке бөленді.

ӘЛЕУМЕТ

СУЫ БОЛМАҒАН КӨКТАЛ ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ ТАРТЫЛДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨКТАЛ АУЫЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КӨШЕЛЕРГЕ АУЫЗ СУ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛЫП ЖАТЫР. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРАША АЙЫНДА ТОЛЫҚ АЯҚТАЛАДЫ. БҰЛ МӘСЕЛЕНІ КӨКТАЛДЫҚ ЖАҢА ШАҒЫН АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ЖИЫРМА ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТТАН БЕРІ КӨТЕРІП КЕЛЕ ЖАТҚАН. ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС БҰЛ МӘСЕЛЕ БИЫЛ ШЕШІМІН ТАПТЫ.

Панфилов ауданының Көктал ауылында 10 мыңнан астам адам тұрады. Осы ауылдың шетінен берілген жер учаскелеріне 2006 жылдан бастап үйлер салынып, жаңа шағын ауданға тұрғындар қоныстана бастаған болатын.

«Жалпы Көкталдың өзінде инженерлік жүйелер бар болғанымен, жаңа көшелерге электр және су жүйелері жүргізілмеген еді. Ауыл тұрғындарының сұрауына орай өткен жылы электр желісі тартылды, ал биыл ауыз су жүйесі жасалуда», – дейді Көктал ауылдық округінің әкімі Батырбай Қадырбаев.

Атап айтқанда, ауылдағы жаңа шағын аудан үшін 320 метрден 2 скважина қазылып, 2 резервуар қойылды, 2-ші көтеру станциясы орнатылды. Жалпы 7 көшеге 30 км су құбыры тартылуда. Ауыз су жүйесін салу биылғы жылдың сәуір айында басталған, қараша айында аяқтау жоспарланып отыр, қазір құрылыс жұмыстары 90% бітті. Бүгінгі күні мұнда мердігер ұйымның 30 адамы, 12 арнайы техникасы жұмыс істеуде. Жаңа көшелерде 540 абонент болады деп есептелген.

Тұрғындар ауыз суға қол жеткізетіндеріне қуанып отыр.

«Бұл шағын ауданда біраз жылдан бері тұрамыз. Бұған дейін суды құдықтан тасып ішетінбіз. Күнделікті тіршілікке қажетті суды тасып әкелудің өз машақаты бар. Енді үйіміздің жанынан құбыр төсеп, су жүргізіп жатыр, кешіктірмей үйге қостырамыз деп отырмыз», – дейді Көктал ауылының тұрғыны Майгүл Жұбанова.

Жалпы Панфилов ауданында ауыз судың сапасын жақсарту мақсатында биыл республикалық бюджеттен 3,8 млрд. теңге бөлініп, Еңбекші, Көктал, Надек, Қырыққұдық, Шолақай ауылдарында су құбыры желілерін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Панфилов және өзге де аудандарда жүргізілетін осындай жұмыстардың нәтижесінде орталықтандырылған ауыз сумен қамту көрсеткіші облыста 2025 жылға қарай 92,4% жетеді деп жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

ОГРАНИЧИТЬ РАБОТУ Tik-Tok ПРЕДЛОЖИЛИ СЕНАТОРЫ

Ограничение работы «соцсети другого государства», по мнению сенаторов, положительно повлияет на сохранность общественного порядка. Сенатор Геннадий Шиповских предлагает соцсети жестче модерировать свой контент, передает корреспондент Sputnik Казахстан.

В депутатском запросе, адресованном главе правительства Олжасу Бектенову, сенатор поднял вопрос о необходимости усиления регулирования соцсети TikTok в Казахстане.

По его словам, сегодня многие страны, придерживаясь внутренних правил, запретили работу этой платформы.

Парламентарий обеспокоен «негативным влиянием контента на растущее число пользователей платформы, среди которых немало подростков и детей».

«Некоторый контент» TikTok, считает депутат, «отрицательно влияет на поведение детей и может привести их к ложным идеям и зависимости».

К примеру, Кыргызстан запретил TikTok и сделал шаг для сохранения детской психики, убежден Шиповских.

«Кибербезопасность — одна из главных проблем цифрового мира. Франция и другие страны, усомнившись в методах сбора информации пользователей TikTok, также ввели ограничения. Казахстану также важно обратить внимание на кибербезопастность», — заявил депутат.

Сенатор подчеркнул, что сохранность и безопасность личных и государственных данных напрямую связана с нацбезопасностью.

«В TikTok часто встречается контент, вызывающий спорные и ложные мнения, что в свою очередь, может разобщить общество», — отметил депутат.

Говоря о стримах в соцсети, Геннадий Шиповских заявил, что в них проводят конкурсы, которые могут повлиять на здоровье человека в физическом и моральном плане.

«Несмотря на то, что это выглядит как развлекательный контент, мы видим, что это влияет на здоровье человека», — подчеркнул он.

В качестве примера он приводит игры, проигравшему в которых приходится выполнять унизительные задания победителя — такие, как выпить зеленку показать нижнее белье, облить себя шлангом для мытья машины и так далее.

Депутат предложил ряд мер для защиты детей и усиления национальной безопасности.

«Платформа TikTok должна предоставить четкий алгоритм для выявления и ограничения контента, содержащего экстремизм, радикализм, сепаратизм, чрезмерно опасного и противоречащего моральным ценностям контента», — подчеркнул он.

Кроме того, по мнению парламентария, TikTok также должен предоставить возможность ограничивать контент в соответствии с возрастом пользователя.

Например, как это делает YouTube в детском приложении.

«Необходимо рассмотреть механизм блокировки детей в возрасте до 13 лет с помощью технологии Face ID в случае входа в TikTok с телефона родителей. В противном случае просим заблокировать платформу TikTok в нашей стране», — подчеркнул он.

По мнению депутата, решение этих проблем станет шагом к сохранению здоровья и моральных ценностей граждан страны, а также к снижению распространяющихся среди молодежи опасных привычек.

ОБРАЗОВАНИЕ

ДО КОНЦА ГОДА В СТОЛИЦЕ ПЛАНИРУЮТ ОТКРЫТЬ ЕЩЁ ДЕВЯТЬ ШКОЛ. ОБ ЭТОМ АКИМ АСТАНЫ ЖЕНИС КАСЫМБЕК НАПИСАЛ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

РЕКОРДНОЕ ЧИСЛО ШКОЛ СДАДУТ В ЭТОМ ГОДУ В АСТАНЕ

Аким ознакомился с ходом строительства учебных заведений.

«По поручению Главы государства в столице реализуется нацпроект “Комфортная школа”. В рамках данного проекта в период с 2024-2025 годы будет построено 24 школы нового формата. С учетом школ, которые мы откроем до конца года, общее количество сданных комфортных школ составит 17. К примеру, в сентябре мы открыли 15 школ. Девять из них — в рамках проекта “Комфортная школа”. До конца года откроем еще 9 школ, восемь из них — тоже в рамках нацпроекта. Таким образом, девять новых школ позволят создать еще более 30 тыс. ученических мест в две смены. Эти учебные заведения позволят решить вопросы трехсменного обучения еще в 4 школах, переуплотненного режима обучения — в трёх школах», — написал аким столицы.

Он также сообщил, что в 2025 году планируем построить и сдать в эксплуатацию еще более 20 школ. В строительство учебных заведений также привлекаем частные инвестиции.

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЕ УСЛУГИ В ЛАБОРАТОРИИ СУДЕБНЫХ ЭКСПЕРТИЗ

Обеспечение верховенства закона, защита конституционных прав и интересов граждан, юридических лиц во многом зависит и от деятельности Институтов судебных экспертиз.

Социально-экономические процессы, происходящие в обществе обусловливают растущую общественную потребность в высококвалифицированной юридической помощи гражданам и юридическим лицам. В этой связи особая роль отводится судебной экспертизе, которая является наиболее квалифицированной формой использования специальных знаний. Защита прав и интересов граждан, в первую очередь, напрямую связаны с обеспечением доказательств. Доказательственная информация, полученная в результате осуществления судебных экспертиз, дает возможность быстро и обоснованно выносить решения при разрешении дел, существует реальная возможность получения доказательственной информации путем установления фактических данных на основе специальных научных знаний при возникновении имущественных и наследственных споров, определении стоимости товаров, оценки движимого и недвижимого имущества, определения стоимости восстановительного ремонта автотранспортного средства после дорожно-транспортного происшествия, оценки стоимости имущества при его разделе и т. д.

В целях оказания содействия в получении сведений, необходимых для осуществления защиты законных интересов юридических и физических лиц по письменным обращениям в «Лаборатории судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан по области Жетісу» проводятся специализированные исследования с использованием научных средств и методов. Для получения услуг в области судебной экспертизы юридические и физические лица обращаются с письменным заявлением о проведении необходимых исследований, представляют объекты и иные материалы, необходимые для проведения экспертных исследований и дачи заключения, знакомятся с порядком предоставления, стоимостью, условиями получения и оплаты этих услуг, с последующим и обязательным заключением договора. В договоре определяется наименование и объем оказываемых услуг, условия и сроки их получения, порядок расчетов, права, обязанности и ответственность сторон, а также стоимость платных услуг в соответствии с прейскурантом цен на платные услуги РГКП «Центр судебных экспертиз. Оплата за предоставленные специализированные услуги производится в форме 100% предварительной оплаты безналичным расчетом.

Для получения информации по назначению и проведению специализированных исследований просим обращаться по адресу: г. Талдыкорган, п. Отенай, ул. Жасулан 2«б».

тел/факс: 8 (7282) 41-04-21,
e-mail: taldykorgan@cse.kz.

Г. АМЕРСАНОВА,
эксперт Лаборатории судебных экспертиз.
по области Жетісу.

ВНИМАНИЕ АКЦИЯ!

АКЦИЯ ПО ПОГАШЕНИЮ ДОЛГА В ПОЛЬЗУ АО «БАНК ХОУМ КРЕДИТ»

ДОВОДИМ ДО СВЕДЕНИЯ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА (ОБЛАСТИ) О ПРОВЕДЕНИИ АКЦИИИ ПО ЧАСТИЧНОМУ СПИСАНИЮ ДОЛГА ПО ПРОСРОЧЕННЫМ ПЛАТЕЖАМ В ПОЛЬЗУ АО «БАНК ХОУМ КРЕДИТ»!

Суть акции заключается в том, что Банк готов отказаться от взыскания 30% задолженности при условии, если Вы внесете оставшуюся часть долга в течении срока акции. Вносить оплату можно по частям. Главное,чтобы вся сумма акции была внесена до 31.12.2024г.!

При иполнении условий предоставленной услуги в установленнные сроки Вы получаете соответствующий документ от Банка, в котором сообщается,что Банк подтверждает, что все действия по взысканию долга по Вашим договорам остановлено. Это означает, что звонки и смс – сообщения с просьбой оплатить просроченную задолженность больше не будут Вам поступать, а также Банк не будет обращаться в суд для решения вопроса по оплате. По условиям банка если первая выплата частично будет произведена в октябре месяце задолженность можно будет погасить частями до конца 2024 года.

По всем вопросам обращться в Колл-Центр АО «Банк Хоум Кредит» по номеру 7979 и к судебному исполнителю Исабековой Жадре по номеру + 7 701 756 43 28

Жадра ИСАБЕКОВА,
частный судебный исполнитель.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

ТОЗҒАН ДҮНИЕНІ ЖАҢАЛАМАЙ

ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖАМАП-ЖАСҚАУДАН КӨЗ АШПАЙ КЕЛЕТІН – СУ, ГАЗ, ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ МЕН КӘРІЗ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚҰБЫРЛАРЫ КӨП-АҚ. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ 33 ЖЫЛ БОЛСА ДА ОСЫ АЙТЫЛҒАН САЛАЛАРДЫҢ ЕР-ТҰРМАНЫ ӘЛІ ТҮГЕЛДЕНБЕЙ КЕЛЕДІ. МӘСЕЛЕН, ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ 34%-Ы, КӘРІЗ ЖЕЛІСІНІҢ 58,1%-Ы, ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫ МЕН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ 87,2%-Ы, ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ 50%-ЫНЫҢ ӘБДЕН ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН.

Өзге өңірлерді айтпағанның өзінде Кербұлақ, Көксу аудандары мен Талдықорған қаласының құрылғанына 80 жыл толды. Осы сексен жылдың ішінде кейбір құбыр желілері әлі толық жаңартылмаған. Жаңадан жабдықтау былай тұрсын, күрделі жөндеу жұмыстарын да көрмеген желі жүйелері бар екен. Қазан айы бітуге таяу, қара суығын бүркеп, қараша келді. Талдықорған қаласында құбырларды ауыстыруға байланысты кейбір көше әлі толық ашылған жоқ. Қазір қала әкімдігі жан таласып, құбыр төселіп ойдым-ойдым болып қалған көшелерді біртіндеп ашып жатыр.

Тіпті бір рет қазып құбыр ауыстырылған орталық көшелер араға бір-екі жыл салмай қайтадан қазылып, құбыр төселіп жатады. Ел-жұрттың: «Қаланың орталық көшелерін жиі қаза береді, мұнда қандай қазына бар» деп мысқылдайтыны бар. Жетісу облысы Алматы облысының құрамында тұрғанда облыс орталығы Талдықорғанға 2001 жылдан бастап көшіп келе бастады. Сол кезеңдердегі облысты басқарған экс әкім Шалбай Құлмахановтан бастап келген әкімдердің барлығы қаланың орталық көшелеріне басымдық беріп, құбырларды жаңартумен келеді. Жөн-ақ, алайда тұрғындардың мысқылдайтындайы да бар. Күні бүгінге дейін осы аралық көшенің құбыр желісі не жамалып, не бүтінделіп жаңарып болмады. Қаланың 3841 км сумен жабдықтау желілерінің 34%-ы, 620 км кәріз желісі 58,1%-ы, 2089 км газ құбырлары және 13,5 мың км электр желілерінің 87,2%-ы ескіріпті, яғни тозығы жеткен. «Жыртықты жамап кигендей» әлі күнге дейін кейбірі істен шығуға жақын құбыр желілері бар.

Жалпы, Жетісу облысында 24 негізгі жылу энергиясы көздері бар, жылу желілерінің жалпы ұзындығы 390 км құрайды. Мұның да жарымжартысы тозған. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаевтың сөзінше, биыл 15 бюджеттік бағдарлама бойынша жобаларды іске асыруға басқармаға 47,3 млрд. теңге мөлшерінде бюджет қаражаты бөлініпті. Оның ішінде ұлттық қордан – 12,5 млрд. теңге, РБ – 4,3 млрд. теңге, ЖБ-30,5 млрд. теңге қарастырылған. Бүгінге дейін 21,8 млрд. теңге игерілген.

«*Сумен жабдықтауда 325 елді мекен орталықтандырылған сумен, 26 ауыл орталықсыздандырылған сумен, 7 ауыл импорттық сумен қамтамасыз етілді. Былтыр сумен жабдықтау желілерін салу және қайта жаңарту бойынша 25 жобаны іске асыруға 6,4 млрд. теңге бөлінді. Орталықтандырылған сумен жабдықтау 2 ауылды қамтамасыз етіп, 9 елді мекенде 112 км сумен жабдықтау желілері қайта жөнделді*», – дейді ол.

Биылғы жылға өңірді толық сумен қамту үшін 22 жоба іске асырылуда, оның 13-і былтырдан бері жалғасуда. Осы ретте сумен жабдықтау жүйелерін салуға және реконструкциялауға 7,3 млрд. теңге бөлінген. Бүгінге дейін орындалған жұмыстардың жалпы көлемі 50 пайызды құрайды. Жыл соңына дейін 22 жобаның 19-ын аяқтау жоспарлануда. Аталған жобалар бойынша полиэтилен құбырлардан сумен жабдықтау желілерін толық ауыстыруды және салуды, сондай-ақ жаңа ұңғымаларды бұрғылауды және жаңа су тартуларды салу көзделген.

«*Жыл соңына дейін жоғарыда аталған жобаларды уақытылы және сапалы іске асыру нәтижесінде 402,9 км желі салынады, облыстың 17 елді мекенінде ауыз су сапасы жақсарады, 47 077 адам қамтамасыз етіледі. Орталықтандырылған сумен жабдықтауға тағы 2 ауыл қосылады. Атап айтсақ, Алакөл ауданының Тоқжайлау ауылы, Бибақан ауылы (халқы 2434 адам, 327 елді мекен немесе 91,3%) орталықтандырылған суға қол жеткізеді*», – деген облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаев.

Мұнда да ұрлық-қарлық мемлекет мүлкіне деген көз алартушылық және немқұрайлықтың көрініс табады. Мәселен, ауыл халқы су желілері жүргізілген жер құбырларын қоқысқа толтырып тастаса, көп елді мекенде құбыр қақпағын темір қабылдайтын орындарға сатып жібергені анықталған. Екінші мәселе, аудандық жылумен жабдықтау жүйесіндегі негізгі жылу көздері болып тұр. Текелі қаласының жылу электр станциясы және 5459 абонентті орталықтандырылған жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін 23 қазандық бар. Олардың жалпы ұзындығы 400 километрді құрайды. Міне, соның 200 жуық километрі тозған. Жамап-жасқаумен тозған дүние бүтінделмейді. Бұған осы салада талай жылдан бері еңбек еткен инженер Арыстанбек Толманов жылу желілерін қайта жасақтамай болмайтынын айтуда.

«*Біз кеңес өкіметінен қалған қазандықтарды әлі де пайдаланып отырмыз. Олардың күші жақсы болғанымен қазіргі жылу желілерінің жарылуына себеп болуда. Қазір көбі пластикалық жұқа құбырларды пайдаланады. Оның қуаты көпке шыдайды. Оның үстіне халық саны жылдан жылға көбейіп барады. Бір Талдықорғанның өзінде соңғы 4-5 жылда бірнеше ықшам аудан бой көтерді. Қанша зәулім үйлер ірге қалады. Соның бәріне жаңа қазандық салу керек. Қыста мамандар қазандықты барынша жағады. Сондай сәтте тозығы жеткен құбырлар жарылады. Оның күш қуаты бірнеше нысанды жылытуға жетпейді*», – дейді А. Толманов.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаев: «*Алдағы жылыту маусымына тиімді өткізуге бюджеттен 10,9 млрд. теңге бөлінген. Оның ішінде жылумен жабдықтау нысандарын жөндеуге – 3,9 млрд. теңге, отын сатып алуға – 7 млрд. теңге қарастырылған. Кәсіпорындардың жеке қаражаты – 359,2 млн. теңге. Жылыту маусымының басына қарай (15 қазанға дейін) 2 турбина жөнделеді. Нақтылай кетсек, кенді шаһарда күрделі жөндеуден және ағымдағы жөндеуден өтеді. Бүгінде жұмыс 75% аяқталған. 40 қазандық дайын. 13,5 км жылумен жабдықтау желілері жөнделуде. 2024 жылы 4 жылумен жабдықтау жобасын іске асыруға бюджеттен 3,9 млрд. теңге бөлінді. Талдықорған қаласында Дарабоз ана, Абай, Гаухар ана, Балпық би көшелеріндегі 1,8 км жылу желілерін қайта жаңартылды. Былтыр Абай көшесінде ұзындығы 600 метр болатын жұмыстар атқарылған болатын. Биыл Қабанбай батыр көшесіндегі 700 метрлік желінің қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта қалған 500 м. Балпық би көшесінде жұмыстар жүргізілуде. Жобаны іске асыруға жергілікті бюджеттен 500 млн. теңге бөлінді*».

Басқара басшысының айтуынша аталған жобаны іске асыру нәтижесінде қаланың орталық бөлігі мен шағын аудан объектілері пайда болған.

«*Қаратал 42,5 Гкал/сағ қуаттылығы бар №2 орталық қазандыққа қайта қосылады. Бұл өз кезегінде Басқуат қазандығына түсетін жүктемені (10-15 Гкал/сағ-қа) едәуір төмендетуге*

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТПЕЙМІЗ

мүмкіндік береді. Алажаздай облыс орталығында бірнеше көше жабылып, жылыту желілерін жасау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде жұмыстардың басым бөлігі аяқталды. Төлебаев көшесі мен Алдабергенов көшесінен Жансүгіров көшесіне дейін, жалпы ұзындығы 1,1 км жылу желісі жасалды. Қажетті материалдарды сатып алуға облыстық бюджеттен 300 млн. теңге бөлінген. Одан бөлек, Үшарал қаласындағы қуаты 30 Гкал/сағ жаңа қазандықта құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда 3 қазандық орнатылды, ғимараттың қаңқасын орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. 70% жұмыс аяқталды. Сондай-ақ, Үштөбеде қуаты 12 Гкал/сағ (3 Гкал/сағ 4 қазандық) блок-модульді газбен жұмыс істейтін қазандықты іске қосылады. 2021 жылдан бастап 17 шақырымды қайта жаңарту жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, Текелі қаласының «Алатауы» АҚ жалпы сомасы 3,4 млрд. теңгені құрайтын, 2024 жылға дейін 1,6 млрд. теңгесі игерілді, нәтижесінде 7 км желі қайта жөнделді. Биыл 1,8 млрд. теңге бөлінді, қалған 6 км желіні қайта жаңарту жоспарланған. Одан бөлек «Инвестициялардың орнына тариф» бағдарламасы аясында «Талдықорғантеплосервис» МКК 5,3 км жылумен жабдықтау желілеріне (34 учаске) жөндеу жұмыстарын жүргізуде. 3 қазандықты қайта жаңарту қажет. Қаблиса жырау көшесі бойынша – 762 м, Біржан сал көшесі – 640 м, Спатаев көшесі – 440 м желілердің 81%-ға аяқталды», – дейді А. Бекетаев.

Бұдан бөлек жеке инвестициялар есебінен 2024 жылға Текелі қаласында қуаты 21 МВт жаңа құрама циклді зауыттың бірінші кезеңін қорытындылау жоспарланған. Бүгінгі таңда жабдық ішінара жеткізілді, газ турбиналы агрегат орнатылды, ашық коммутатор салу жұмыстары аяқталу сатысында және құрылыс қаңқасын орнату жұмыстары жүргізілуде. Ал енді ескірген электр бағандарына қатысты облыста барлығы 13,7 мың км тарату желісі және 2,6 мың қосалқы станция бар. Электр желілері мен негізгі жабдықтардың 90 пайыздан астамы «ТАТЕК» АҚ өңірлік электржелілік компаниясына жеке меншікте. «ТАТЕК» АҚ электр желілері мен жабдықтарының тозуы 87,2 пайызды құрайды деген басқарма басшысы Айдос Бекетаев электр желілерін өзгерту оңай еместігін, мұны да қазірден бастап біртіндеп жүзеге асырмаса түбі үлкен шығынға әкелетінін айтады.

«Өңірде станциялардың жаңасы жоқ. Әрине басқарма әртүрлі ақпараттар таратқанымен қалған іске жарамды тоқтардың түбі тозатыны белгілі. Меніңше олар да 3-4 жылда істен шығады. Бұл тек қана Жетісудың проблемасы емес бүкіл өңірде осындай ахуал. Енді оның тілін нақты білетін мамандар жоқ. Халық саны көбейген сайын жарыққа сұраныс артады. Ал біздің энергия қуатымыз жылдан жылға сарқылып барады. Электр бағандары да тозып кеткен», – дейді ардагер электрик Аманжол Тынымбаев.

Осы өзекті мәселенің алдын алу үшін «Инвестициялардың орнына тариф» бағдарламасы аясында электр желілерінің тозу дәрежесін төмендету бойынша «ТАТЕК» АҚ 2029 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламасының көлемін ұлғайту бойынша шаралар қабылданған. Жалпы «Инвестициялардың орнына тариф» бағдарламасы аясында 2023-2029 жылдар аралығында инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 11,8 млрд. теңгені құрайды. Осылайша жеті жыл ішінде желілер мен жабдықтардың 12%-ын жаңарту жоспарланған. Амортизация деңгейінің төмендеуі 15%-ға жектен.

Инвестициялық жоба есебінен 80,4 км электр беру желілерін жаңғырту бойынша 11 жоба және 1,6 млрд. теңге сомасына 4 қосалқы станция бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жыл соңына дейін амортизацияны 2,4%-ға төмендету жоспарланып отыр.

«Бүгінгі таңда 116 жоба аяқталды. 2023 жылы 1 млрд. теңгеден астам сомаға электр желілері мен жабдықтарын жаңғырту бойынша 8 жоба жүзеге асырылды. 47,8 км жоғары вольтты электр беру желілері мен 3 қосалқы станция қайта жөнделді. Жөндеу жұмыстары Қаратал, Кербұлақ аудандары мен Текелі, Талдықорған қалаларының тозған нысандарын қамтыды. Ағымдағы жылы 5 жобаны жүзеге асыруға 1 млрд. теңге бөлінді. Нәтижесінде 90 км электр беру желілері салынады және қайта жаңартылады. Алакөл ауданының елді мекендері мен курорттық аймақтарындағы электр желілері мен қосалқы станцияларды шамадан тыс жүктеу мәселесін шешу мақсатында, 1-кезең жобаны түзетуді аяқтап, ұзындығы 56,7 км болатын 110 кВ электр беру желісі бар жаңа Ақши қосалқы станциясын салуға оң сараптамалық қорытынды алдық. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне бюджеттік сұрау салу жіберілді», – дейді басқарма басшысы А. Бекетаев.

2015 жылдан бастау алған көгілдір отынға газ құбырына қатысты «2030 жылға дейінгі перспективасы бар. Жетісу облысын кешенді газдандыру» өңірлік схемасы бойынша облыс бойынша 358 елді мекеннің 192-і газдандыруға жатады. Бүгінде облысты газдандыру деңгейі 47,6% құрайды. 37 елді мекен газдандырылды, 333,5 мың адам газға қол жеткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біздің алдымызда 2025 жылдың соңына дейін табиғи газбен қамтамасыз ету міндеті тұр. 126 елді мекеннің 1 кезеңі, яки 101 ауыл – Кербұлақ ауданынан Талдықорғанға дейін және Панфилов ауданының 25 ауыл көгілдір отынға кеңелмек. Ал Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының 66-шы елді мекендерінің 2-кезегі 642 мыңнан астам тұрғынды қамтыды. Өкінішке қарай 2022 жылға дейін тек 5 ауыл ғана газдандырылды. Олар Көксу ауданының Балпық би ауылы, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылы, Панфилов ауданының Жаркент қаласы, Еңбек ауылы және Талдықорған қаласы бар. Былтыр 17, биыл 11 ауыл газдандырылды. Жыл аяғына дейін тағы 30-ға жуық елді мекен газға қосылады. Нәтижесінде 363,4 мың адам газға қол жеткізе деп күтілуде. Көксуда – 14, Қараталда – 2, Ескелдіде – 9, Талдықорған қаласында – 1 ауыл газға қол жеткізеді. Жалпы ұзындығы 339 км газ тарату желісі салынады. Осы мақсаттарға ағымдағы жылы бюджеттен 12,0 млрд. теңге бөлінді. «Самұрық-Қазына» АҚ дивидендтері есебінен құрылыс-монтаж жұмыстарын уақытылы аяқтауға 10,4 млрд. теңге қарастырды. 22 жобаны аяқтауға – 5,6 млрд. теңге жұмсалады. 21 жоба бойынша жұмысты бастауға – 4,8 млрд. теңге, құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау үшін 10,7 млрд. теңге қажет. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қыркүйегінде 24 елді мекенде газбен жабдықтау желілерінің құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда құны 131,7 млрд. теңге болатын Талдықорған-Үшарал магистральді газ құбырының құрылысы басталды. Жобада ұзындығы 302,0 км магистральдік газ құбырын салу, 6 АГТС орнату көзделген. Бұл 124 мың халқы бар тағы 66 елді мекеннің газға қосылуын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жоба үстіміздегі жылдың тамыз айында басталды. Талдықорған-Үшарал газ құбырының құрылысын аяқтау 2026 жылдың соңына жоспарланған.

Иә, қаланың да, даланың да басты мәселесі – электр, су, кәріз жүйелері толықтай жаңармаса, тозған дүниені жамап-құрағаннан өркендеп кетпейміз. Әсіресе, қыстың көзі қырауда, тозған құбырлар жарылса, бұқара халықтың да, биліктің де мазасы қашады. Сондықтан кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар аясындағы электр, су, газ, кәріз жүйелері басты мәселе болып тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алдынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 28 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.15 «Жәдігер»
06.30, 04.15 «Інжу-маржан»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х «Қол созған үміт»
12.10, 02.45 Тату-тәтті
14.10 «Апта»
15.00 Т/х«Замандастар»
17.10 «Қызық екен»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 т/х «Сен қасымда болмасаң»
22.15 Телехикая «Өгей өмір»
23.15 «1001 түн»
00.50 «Ашық алаң»
01.45 «Сана»
04.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 «Әке бақыты»
07.00 «Оян»
10.00 сериал
12.00, 20.00 Т/х «Әйел бақыты»
14.00, 21.45 Т/х «Үлкен үй»
15.00 шашу
16.00, 22.30 сериал
18.00 Біздің назарда
18.30 Новости
19.00 әлеумет
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.20 Мың бала
07.00 м/с Маша и медведь
09.00, 21.00 Алпарслан түрік т/х
10.00 Адасқан сезім
11.35 «Мұрагерлер»
13.15 Бажа
14.00, 01.50 сериал
15.40 сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 үнді т/х Адасқан сезім
00.50 т/х Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00., 03.45 Паутина
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро. Казахстані»
10.00 Худ.фильм
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz»
20.00 « Гавные новости»
20.35 сериал
01.00 ночной кинотеатр
02.00 новости
02.15 «Жаңалықтар»
02.30 «Koremiz»
03.15 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 Әнім сен едің
08.05 «Намыс»
10.30 мелодрама
15.00 мелодрама.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никто не совершенен», мелодрама.
23.50 «Шеф-5. возвращение», остросюжетный детектив
02.10 мелодрама (повтор)
04.10 Астарлы ақиқат (қайталау)
04.55 Кешкі жаналықтар (қайталау)
05.20 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздің өңір»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Ұры бала»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.40 Ризамын
07.10 Time Vine
07.30 Tik Tok show
08.00 «Қызыл шербет»телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Арман қала»
11.10 «Келіндер бәйгесі»
12.20 Мультфильм
12.50 Кино «Біз екеуміз»
15.10 Боевик
17.50 Кино. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рэмбо-3»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23210 Телесериал «Клюквенный щербет»
00.30 «Келіндер бәйгесі» (повгор)
01.40 Time Vine
02.30 Tiktok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Oain
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45 Алданған арман
07.45.16.50 Кухня Великолепного века
08.00, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 Сериал «Рая знает»
13.00 «Пока Станица спит»
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 сериал «Осиное гнездо»
23.10 сериал «Эртугрул»
00.10 телехикая «Батыл жүрек»
01.10 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлымен».
02.10 Телехикая
02.55 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.05 «Япырай»
04.50 Айналайын
05.52 Үзіліс

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Әубәкір» шаруа қожалығы жұртшылықты 2024 жылғы 5 қарашасы мен 11 қарашасы аралығында «Әубәкір» шаруа қожалығы үшін Жетісу облысы Сарқанд ауданы, Черкасский а/о-да «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°20'8,69» СШ, 79°10'49,29» ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - «Әубәкір»шаруа қожалығы Талдықорған қаласы, Восточный ықшам ауданы, Нұр көшесі, 18 үй.

Тел.: 8 777 517 10 66, e-mail: maubakirov308g@mail.ru

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

Сейсенбі - Вторник, 29 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00. 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 телехикая «Қол созған үміт»
12.10 Тату-тәтті
14.10 «Ақорда»
14.25, 04.15 Атамекен
15.00, 21.25 телехикая «Сен қасымда болмасаң...».
16.00 телехикая «Замандастар».
17.10 «Қызық екен».
20.30 «Ашық алаң».
22.15 телехикая
23.15 «1001 түн»
00.50 «Ашық алаң».
01.45 Сана
02.45 Тату-тәтті
03.05 «Тату-татті». реалити-шоу
04.55Ауылдастар

ХАБАР

05.00 «Әке бақыты»
07.00 «Оян»
10.00 Сериал
12.00, 20.00 Телехикая «Әйел бақыты»
14.00, 21.45 Телехикая
15.00 шашу
16.00, 22.30 сериал
18.00 Народный контроль
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Итоги»
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.20 Мың бала
07.00 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.00 «Адасқан сезім» телехикаясы
11.25, 23.25 «Мұрагерлер» телехикаясы
13.15 Бажа телехикаясы
13.55, 01.50 Сериал «На твоей стороне»
15.40 сериал
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
01.00 «Тақ тартысы» телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00, 03.45 Паутина
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 «Модный приговор»
10.50 «Давай поженимся!»
11.45 сериал
14.00.01.10 «Новости»
14.15.02.15 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 03.15 «Басты жаңалықтар»
19.00, 02.30 Koremiz
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал
01.00 Ночной кинотеатр

КТК

07.05, 04.55 Кешкі жаңалыктар
07.30, 05.30 «Намыс»
09.20 Вечерние новости (повтор)
10.00 «Было дело»
11.00 Шеф-5
13.00 Мелодрама
15.00 мелодрама
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никто не совершенен», мелодрама.
23.50 Шеф-5
02.10 Мелодрама «Райское место»
04.20 Астарлы ақиқат (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Таза мекен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Жүргізуші»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус, каз.)
08.00 «Қызыл шербет»телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Арман қала»телехикаясы
11.10 «Келіндер байгесі»
12.20 Tik Tok show
12.30 Мультик
13.00 Кино
14.40 Кино Рэмбо-4
18.00 Рэмбо-4
20.00 Инфрмбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23.20 Телесериал «Клюквенный щербет»
00.20 «Келіндер бәйгесі» (повтор)
01.30 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
02.50 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 «Алдараспан»
11.00 «Парад Юмора»
12.30 «Это жизнь»
17.00 «Құс жолы»
20.00 «Кел, Шырқайық!»
21.00 «Дин Дина шоу»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Клевер желаний»
03.30 «Кел, шырқайық!»
04.15 «Құс жолы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жарқыра»
12.35 «Шашу»
13.15 «Менің анам»
13.30 «Келіп көр»
13.50 «Ұлт ұяты»
14.40 Тоқтар мен Бейбіттің концерті
17.00 «Шашу»
17.40 «Сарбаз»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Өшпес ерлік»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Әсем әуен»
21.30 «Біздің өңір»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Маша и медведь»
11.00 «12 ЧАСОВ»
11.40 «Коати.Легенда Джунглей»
13.40 «Душа»
16.20 «Хроники Нарнии.Лев, Колдунья и волшебный шкаф»
19.30 «Человек Муровей»
22.10 «Мачо и Ботан»
00.30 «Под Водой»
02.10 «31 әзіл»
03.00 Tik Tok show
03.30 «1001 әзіл»
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.25,02.55 Қызықты Weekend
07.35,16.30 Кухня «Великолепного Века»
08.00 «Здоровье с Айнур Тажиной»
08.30,18.00 «Абысындар-2»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Маска Казахстан»
13.00 «Свадьба в Малиновке»
15.00 «Что это было»
15.30 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
21.00 «Таптым-ау сені»
23.00 Динара Сатжан
00.10 «Әзілman»
01.20 «12 күн»
02.10 «Бастық боламын»
03.45 «Жеңіп көр»
05.15 «Айнаонлайн»
05.42 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ӘРБІР ОТАНДАСЫМЫЗ ҮШІН АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ. СОНДЫҚТАН ОНЫ БИІККЕ КӨТЕРУ, ҚОЛДАНУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ӨЗІМІЗГЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. АНА ТІЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ ОТБАСЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ. ОТАН АЯСЫНДА ДАМИДЫ.

Қазіргі өркениетті заманда жастардың көп тілді меңгеруіне қолайлы жағдайлар туғызылған. Ғаламтор желісі арқылы кез келген тілді үйренгісі келетіндерге онлайын сабақ беру жолымен қалаған тілін үйреніп, білуіне болады. Көп тілді меңгерген адам шет елдерге барып, саяхаттап, тынығып қайтқан кездерінде де оларға қиындық тумайтыны даусыз. Оның үстіне, шетелден барып, жоғары білім алуына да мүмкіншіліктері мол болары айдан анық. Дегенмен, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте дегендей, алдымен ана тіліңді меңгеру асыл парызың екенін де ұмытпаған дұрыс қой. Ал елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейте түсу мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқаны да баршаға белгілі.

Алайда, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Өйткені бірлігі жарасқан кең байтақ елімізде тату-тәтті тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің де пікірімен санаспауға болмайды. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел бәр жерлерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бұл көрнекі құралдарда қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты да толық мағлұматтар беріліп отырады.Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәптәуір меңгеріп кетеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсақ, қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар мен шет елдегі қандастарымыздың қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында, «Тіл туралы» Заңның 4-бабында: Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі екендігі тайға таңба басқандай көрсетілген. Сондықтан қазақ тілі тек қана қазақтар үшін емес, Қазақстанда мекен ететін әрбір отандасымыз үшін міндетті.

Демек тіліміздің мәртебесі Ата Заңымызда айшықталса, Заңда көрсетілсі, одан қалды анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыса, қазақ тілінің елімізде жүз толық салтанат құруына өзіміз басты себепкер екенімізді ұмытпауымыз керек.

Римма АЛДАБЕРГЕНОВА,
Сарқан аудандық сотының судьясы.

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Ұйысуға ұйытқы – ұлттық мереке

Қазақстан халқы ұзақ жыл бойы ұмыт қалған 25 қазан – Республика күнін кейінгі жылдары жалғыз ұлттық мейрам ретінде қайтадан атап өтуде. Бұл атаулы күннің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан бастау алады. Атап айтқанда, 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болып табылды. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Осы декларацияның арқасында ҚазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік пен ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды. Ал президент елдің басшысына айналды.

Еліміздің бүгінгі таңдағы тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында қамтамасыз етіліп отыр. Бүгінде әлем саясаткерлері еліміздің бұл даму жолын «Қазақстандық жол» деп әспеттейді. Шынында, қандай қиындық, қандай кемшілік болса да, осы бағыт өркендеуге жол ашты. Ел жаңаша күнкөріске икемделді және жаңа заманның тірлігін игеріп әкетті. Нәтижесі – Қазақстан бүгінде әлемдік қоғамдастық үшін экономикалық-инвестициялық тұрғыда қолайлы да тұрақты серіктестікке айналды. Сондай-ақ, Қазақстан бейбітшілік елшісі ретінде танылған мемлекетке де айналып отыр. Бұл – елдегі 140 этностың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруінің шынайы белгісі болып табылады.

Бұған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты жариялаған мақаласындағы мына бір сөздер де жарқын дәлел бола алады. Атап атқанда: «Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз»,– деп қадап айтты Мемлекет басшысы.

Орайы келгенде, қазақстандықтардың бір қолдың саласындай, бір атаның баласындай ұйысуына ұйтқы болып отырған ұлттық мерекемен баршаларыңызды құттықтағым келеді.

Лаура БИНАЛИ,
Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

МӘНІ ТЕРЕҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Бүгін қазақстандықтар еліміздің жалғыз ғана Ұлттық мерекесі – Республика күнін тойлау үстінде. Жасыратыны не түрлі себептермен біз бұл айтулы датаның мемлекеттік мереке мәртебесі 2009 жылы алынып тасталғандықтан қатардағы күндер қатарына жатқызылып қалған болатын. Араға 13 жыл салып, 2022 жылы президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен қайта енгізіліп, қазір еліміздің жалғыз ғана Ұлттық мерекесі ретінде атап өтілетін болды.

Бұл мерекенің тарихына үңілсек, алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. Бұл жарлыққа тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-XII жарлығымен "Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы" декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Ал 2009 жылы бұл заңға өзгерістер енгізіліп, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл әдеттегі жұмыс күніне айналды.

2022 жылғы 16 шілдеде Ұлттық құрылтайда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынып: "Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек", – деген болатын. Осылайша, Қазақстан Республикасының парламенті "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" заңға түзетулер енгізіп, Республика күні, яғни 25 қазан – ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні, яғни 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекеге айналды.

Эльмира МҰСАБАЕВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҰЛ ТУРАЛЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ САЯН ҚЫЛЫШҰЛЫ Б. ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫНДА АЙТТЫ.

Өз сөзінде департамент басшысы осы бағытта халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге және өңір тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелерді оңтайландыру жүйесі жолға қойылғанын тілге тиек етіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасы бойынша толыққанды мәлімет берді.

«Тәуекел картасында құрылыс, денсаулық, білім, экология, жолдар мен инфрақұрылым, әлеуметтік сала, спорт, бизнес, апатты және тозығы жеткен тұрғын үй саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Аталған 9 саланың бүгінде 6-ы қамтылды. Үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша «Бизнеске жол» жобасы аясында 207 кәсіпкердің құқығы қорғалды. Мемлекеттік сатып алу мониторингінде жыл басынан бері 957 млн. теңге үнемделді. ҚР ӘҚБтК-нің 173 және 680-баптары бойынша 12 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – дейді ол.

Ендігі кезекте экология саласында құм-қиыршық тас қоспасын заңсыз өндіру бөлігінде, сондай-ақ, инфрақұрылым саласы сумен, жылумен, газбен жабдықтау, кәріз тазарту желілеріне қаражат жұмсау мәселелері қарастырылмақ. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары Департамент назарында. Осы тұрғыда тұрғындар өз ұсыныстары мен өтініштерін білдіре алады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БРИФИНГ

МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАУІПСІЗ ТАМАҚТАНУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Осы жылдың басынан аудандық (қалалық) басқармалары прокуратура органдарымен бірлесіп 187 мектеп асханасына жоспардан тыс тексеру жүргізген және барлығында бұзушылықтар анықталған. Бұл туралы Жетісу облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Самат Ахметов Журналистер үйінде өткен брифингте мәлім етті.

Спикердің сөзінше, асханаларда ас блогы, қызметкерлерінде медициналық кітапша болмаған немесе толық өтпеген; азық-түлікті сақтау шарттары бұзылған (температуралық режим, тауарлық көршілестік); азық-түлік пен шикізаттың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болмаған; қоймадағы бақылау-өлшеу аспаптары жоқ/жұмыс күйінде емес; рұқсат етілмеген өнімдер қолданылған: дәмдеуіштер, қоспалар, қуырылған бәліш; шеттері сынған, деформацияланған жарықтары бар ыдыстар пайдаланған/саны жеткіліксіз; жергілікті сору желдету жүйесі жоқ/жұмыс күйінде емес сияқты бұзушылықтар анықталған. Нәтижесінде прокуратура органдарының ұсыныстары бойынша 50 әкімшілік айыппұл салынып, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болмауына байланысты 7 материал сотқа жіберілген.

Өз сөзінде Самат Махаббатұлы «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының асханаларын-да шикі және дайын өнімді сақтауға, дайын тағамдарды дайындауға, қолды жуу үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасалуы тиіс, яғ-ни суық және ыстық сумен қамтамасыз етілген раковиналарды орнату қажет екенін, мектеп асханаларында күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты адам тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына орга-нолептикалық бағалау жүргізу қажеттіггін де айтты.

«Білім беру объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераждық комиссия жүргізеді, оның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілікті, өндіріс меңгерушісін және ата-аналар комитетінің өкілін міндетті түрде қоса отырып, объект басшысының бұйрығымен айқындалады. Сол себепті ата-аналарға міндетті түрде бракераждық комиссия құрамына қатысуға, тамақтану сапасына бағалау жүргізуге атсалысуға кеңес береміз», – деді ол.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АЙТАРЫМ БАР

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

ӨМІРДЕ КЕЗДЕСКЕН ҚИЫНДЫҚТАР КЕЗІНДЕ, БАСЫНА КҮН ТУҒАН СӘТТЕ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛІП, ОДАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛДАРЫН ТАБА АЛМАЙ, ҚАЛБАЛАҚТАП ЖҮРІП, ҚАРАПАЙЫМ АДАМДАРДЫҢ ӨЗДЕРІ ҚАЛАЙ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚҚА БАРҒАНЫН АҢҒАРМАЙ ҚАЛАТЫН ЖАЙЛАР ЖЕТІП АРТЫЛАТЫНЫН ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ БАРЫСЫНДА КӨЗ ЖЕТКІЗІП КЕЛЕМІЗ.

Атап айтқанда, күнделікті сот процестерінен азаматтардың абайсызда қылмысқа барғандығын, заң білмеудің салдарынан құқыққа қарсы әрекет жасағанының куәсі болып жатамыз.«Білгенге – маржан» дегендей, осындай қарапайым заң талаптарын сақтап, Абайша айтқанда, ақырын жүріп, аңдып басқан адамдар ешқашан заңға қайшы әрекеттерге бара қоймайтыны белгілі. Сондықтан оқырмандар назарына жалпы қылмыс туралы түсінікті сала кетсек артық болмас. Өйткені «Заң білмеу жауаптылықтан босатпайды» деген қағиданы есте мықтап сақтаған дұрыс.

Қылмыс деген ұғым қоғамға қауіпті әрекет, яғни ол қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіруге нақты қауіп төндіреді деп түсіндіреді. Атап айтсақ, қылмыс – әрқашан құқыққа қайшы болады. Құқыққа қайшылық – бұл қылмыстық заңның әрекетке тыйым салуы. Құқыққа қайшылық деп қылмыстық кодексте бекітілген тыйымды қылмыс жасаған адамның бұзуын айтады. Қылмыстың міндетті белгісінің бірі адамның кінәсінің болуы. Қасақана немесе абайсызда жасалған әрекет қылмыс болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 11-бабына сәйкес қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді. Жасалған қылмыс үшін кез келген адам тиісінші жауаптылықта болып, жасаған қылмысына мөлшерлес жаза тағайындалады.

Әйткенмен, адамды шалыс басып, қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда тиімді болар еді. Алдын алу жұмысының нәтижелі болуы алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты. Мектеп жасындағы балалардың құқықтық санасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауынан, заң талаптарына өз талаптарын қарсы қоюына әкеліп соғады. Сондықтан оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Өкінішке орай, бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті хабарларынан оқушы балалардың жақ-жақ болып, топтасып, жандалдасып жатқан оқиғаларын көріп жатамыз. Бұдан басқа да жеткіншектер тарапынан жасалған жағымсыз жаңалықтардың куәсі болып жатамыз. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін нақты мысалдармен толықтыра кетсек артық болмас. Мәселен, үстіміздегі жылдың өзінде Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 3 кәмелетке толмағандарға қатысты үкім шыққан, оның 2-еуі есірткі заттарын өткізу мақсатында заңсыз иемдену және сақтау бойынша 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға сотталса, 1-еуі зорлау бойынша 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылған. Міне, бұл мектептегі, отбасындағы балаға тәрбие берудің кемшілігінен туындап жатқанын анық көрсетеді. Сондықтан кәмелетке толмағандар арасында құқықтық тәрбие беруге айрықша мән беріп, заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдер қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етілсе мұндай жөнсіздікке жол берілмес еді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай, оны меңгере білуге де үйрету қажет.

Ержан ЖАНҰЗАҚОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА

АЛМАТИНСКАЯ АГЛОМЕРАЦИЯ ДИНАМИЧНО РАЗВИВАЕТСЯ

Как передает пресс-служба НИИ «Алматыгенплан», для большого города его агломерация с областью — это неотъемлемая часть, образующая единое целое, наполненное жизнью и динамикой. У города и области общие трассы и дороги, которые образуют транспортные артерии для передвижения.

Сегодня Алматинская агломерация динамично развивается, становясь центром притяжения для инвестиций, талантов и новых идей. Стратегическое расположение Алматы, окружённого горами Заилийского Алатау, создаёт уникальные условия для роста как экономики, так и культуры региона. Современные инфраструктурные проекты, включая развитие транспортных систем, жилых комплексов и общественных пространств, способствуют созданию комфортной городской среды.

«В текущем году реализация Комплексного плана развития Алматинской агломерации на 2024-2028 годы вступила в активную фазу. В рамках Комплексного плана предусмотрено множество мероприятий, направленных на улучшение транспортной инфраструктуры региона, включая разработку новых проектов, строительство дорог и создание транспортных узлов», — говорит руководитель Проектного офиса Алматинской агломерации НИИ «Алматыгенплан» Нурсаид Бахаев.

Развязка на Сейфуллина и Жансугурова

Одним из значимых инфраструктурных проектов стало строительство транспортной развязки на пересечении улиц Сейфуллина и Жансугурова. Эта развязка должна существенно улучшить дорожную ситуацию в одном из самых загруженных районов города, сократив время в пути для тысяч автомобилистов и уменьшив уровень пробок.

«Проектом предусмотрено строительство двух тоннелей общей протяжённостью 690 метров для обеспечения беспрепятственного движения транспорта по проспекту Сейфуллина. Проезд транспортных средств по улице Жансугурова будет осуществляться на уровне земли. Также предусмотрены четыре надземных пешеходных перехода, тротуары и озеленение. Полностью открыть движение на развязке планируется в конце текущего года», — говорит ведущий специалист Проектного офиса Алматинской агломерации НИИ «Алматыгенплан» Таир Сарыбаев.

Строительство транспортных коридоров

В соответствии с генеральным планом развития пригородной зоны города Алматы, для развития транспортной системы города и прилегающих населённых пунктов предусмотрено строительство основных транспортных коридоров до Большой Алматинской кольцевой автомобильной дороги (БАКАД). В настоящее время ведутся работы по ул. Тлендиева, Северное полукольцо, Саина, Акын Сара, Рыскулова и Абая от границы города Алматы до БАКАД:

Строительство автомобильной дороги ул. Тлендиева в Илийском районе является важным элементом Комплексного плана развития Алматинской агломерации. Новая дорога протяжённостью 79 километров соединит кольцевую дорогу населённого пункта Ащибулак с БАКАД. Эта дорога улучшит транспортную доступность и обеспечит более быстрый доступ к ключевым транспортным артериям агломерации. На сегодняшний день земляные работы выполнены на 85% (67,35 км), искусственные сооружения выполнены на 80%, на 4 км дороги уложено крупнозернистое асфальтобетонное покрытие.

По ул. Северное полукольцо — строительство подвесного моста выполнено на 70%, на 5,9 км дороги уложено асфальтовое покрытие, общая протяжённость — 8,09 км.

По ул. Саина — строительство подвесного моста выполнено на 45%, на 5,6 км дороги уложено крупнозернистое асфальтобетонное покрытие, общая протяжённость — 6,62 км.

Эскиз развязки на пересечении пр. Сейфуллина с ул. Жансугурова

По ул. Акын Сара в Карасайском районе, которая соединит ул. Аксай на границе города Алматы с БАКАД, первая очередь строительства охватывает 5,5 км дороги, что улучшит транспортную связь между центральной частью города и его пригородами и будет способствовать развитию этих районов.

По ул. Рыскулова — строительство подвесного моста выполнено на 95%, земляные работы на 15%, мост через реку Аксай на 20%, общая протяжённость — 4,051 км.

По ул. Абая — земляные работы выполнены на 40% (13,57 км), строительство подвесного моста на 80%, строительство моста через р. Аксай на 92%, на 580 метрах дороги уложено крупнозернистое асфальтобетонное покрытие, общая протяжённость — 3,393 км.

«Реализация этих проектов в рамках Комплексного плана развития Алматинской агломерации является важным шагом к созданию современной и эффективной транспортной системы региона. Завершение строительства и внедрение новых транспортных решений помогут решить проблемы загруженности дорог, сократить время в пути и улучшить качество жизни для жителей агломерации», — отметил Нурсаид Бахаев.

Пригороды и их роль

Пригороды, как спутники большого города, окружают его «зелёным» кольцом и уютными домами, создавая возможность отдыха от шума и суеты мегаполиса. Для комфортного перехода от большого города к пригородам и наоборот, необходима развитая транспортная инфраструктура. Также это важно для развития промышленных зон, современных заводов и фермерских хозяйств.

Таким образом, развитие дорожно-транспортной системы Алматинской агломерации не только улучшает транспортную доступность и качество жизни её жителей, но и создаёт основу для дальнейшего экономического и культурного процветания региона, делая его более привлекательным для новых инвестиций и возможностей.

Ш. ХАМИТОВ.

ГЕНДЕР

АКТИВНАЯ РАБОТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА

ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО – ОДИН ИЗ ВАЖНЕЙШИХ АСПЕКТОВ ЖИЗНИ В ДЕМОКРАТИЧЕСКИХ ЗАПАДНЫХ СТРАНАХ, ГДЕ ЖЕНЩИНЫ И МУЖЧИНЫ ПОЛУЧАЮТ РАВНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ И ОБЯЗАННОСТИ В РАЗЛИЧНЫХ СФЕРАХ ЖИЗНИ. НЕЗАВИСИМО ОТ ПОЛА, ГРАЖДАНАМ ПРЕДОСТАВЛЯЮТСЯ ОДИНАКОВЫЕ ПРАВА ПРИ ТРУДОУСТРОЙСТВЕ, ОНИ УСПЕШНО СОЧЕТАЮТ СЕМЕЙНУЮ ЖИЗНЬ И КАРЬЕРУ. А САМО ПОНЯТИЕ «ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО» ПОЯВИЛОСЬ БЛАГОДАРЯ ЭКСПЕРТАМ ООН, И СЕЙЧАС ЕГО АКТИВНО ОБСУЖДАЮТ НЕ ТОЛЬКО РАЗВИТЫХ СТРАНАХ, НО И В РАЗВИВАЮЩИХСЯ ГОСУДАРСТВАХ ТРЕТЬЕГО МИРА.

Следует сказать, что и в нашей республике в этом важном вопросе ведется активная работа и принимаются комплексные меры. Этому свидетельствует высказывания Главы государства в своих выступлениях. Так, Президент Республики Казахстан К.К.Токаев в своем Послании народу Казахстана «ЕДИНСТВО НАРОДА И СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ – ПРОЧНАЯ ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ» 1 сентября 2021 года подчеркнул: «В начале лета в соответствии с моим Указом Правительством утвержден Комплексный план по защите прав человека. Этот важный документ закладывает долгосрочную институциональную основу дальнейшего совершенствования системы защиты прав человека в Казахстане. После принятия Комплексного плана началась активная работа по обеспечению гендерного равенства. В этой связи следует обеспечить максимальную поддержку экономических и политических позиций женщин в обществе. За эту работу отвечает Администрация Президента. Следует также внести изменения в Концепцию семейной и гендерной политики».

Особенности В 70-х годах XX столетия гендерное равенство воспринималось только как получение женщинами равноправия в политической, социальной и экономической жизни, и отсутствие дискриминации представительниц прекрасного пола по отношению к мужчинам. Концепция Гендерное равенство, особенности которого прописаны в нормативных актах ООН, предусматривают, что народы отдельно взятых стран должны пересмотреть «устаревшие» ценности и взгляды. К примеру, это могут быть традиции, касающиеся рассмотрения женщины в качестве «хранительницы домашнего очага», матери и жены, проводящей свободное время на кухне и занимающейся воспитанием детей.

Римма АЛДАБЕРГЕНОВА,
судья Саркандского районного суда.

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

СОВЕРШЕНИЕ ГРАЖДАНАМИ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, А ТАКЖЕ СОВЕРШЕНИЕ ПОВТОРНОГО АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ, ЧАЩЕ ВСЕГО ПРОИСХОДИТ ИЗ-ЗА НЕДОСТАТОЧНОЙ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ГРАЖДАН, А ТАКЖЕ БАНАЛЬНОГО НЕУВАЖЕНИЯ ПРАВОНАРУШИТЕЛЯ К НОРМАМ ЗАКОНА И ПРАВОПОРЯДКА.

НАДО УВАЖАТЬ НОРМЫ ЗАКОНА И ПРАВОПОРЯДКА

Административное правонарушение — противоправное, виновное действие или бездействие физического или юридического лица, за которое законодательством об административных правонарушениях установлена административная ответственность.

Объектами посягательства при административных правонарушениях могут являться собственность, здоровье населения и общественная нравственность, общественный порядок, экология и т. д.

Ответственность за административное правонарушение

Основной формой такого наказания является штраф, но могут предусматриваться и иные меры: предупреждение, лишение специального права (например, права управления транспортным средством), приостановление деятельности организации, административный арест и другие.

Очень часто граждане привлеченные к административной ответственности уклоняются от исполнения административного наказания, например административного наказания в виде штрафа, не задумываясь о последствиях предусмотренных санкцией статьи 894, 895 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях о принудительном исполнении постановления.

1. Постановление о наложении штрафа направляется судом, уполномоченным органом (должностным лицом) судебному исполнителю для изъятия денег с банковского счета юридического лица без его согласия в порядке, установленном гражданским законодательством Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан о платежах и платежных системах, исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей.

Постановление о наложении штрафа по административным правонарушениям, рассматриваемым органами государственных доходов, а также по иным административным правонарушениям в области налогообложения исполняется органами государственных доходов в порядке, установленном налоговым законодательством Республики Казахстан.

2. Банк или организация, осуществляющая иные виды банковских операций, обязаны перечислить сумму штрафа в бюджет в установленном порядке. 3. В случае отсутствия денег на счетах юридического лица судебный исполнитель обращает взыскание на другое принадлежащее должнику имущество в соответствии с законами Республики Казахстан.

Таким образом, советуем Вам задуматься о последствиях, которые могут наступить при совершении административного правонарушения, а тем более при совершении административного правонарушения повторно, ведь наверняка никому из Вас не хочется платит штрафы за своё противоправное действие либо бездействие. Прежде чем совершать административное правонарушение впервые или повторно, необходимо обдумать последствия, которые могут наступить, ведь санкции указанные в статьях КоАП РК, предусматривают более суровые меры административной ответственности за повторно совершенное административное правонарушение.

А. НУРАХМЕТОВА,
частный судебный исполнитель области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРА

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

ҚАЗАН АЙЫНЫҢ СОҢҒЫ ЖЕКСЕНБІСІ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ. ОСЫҒАН ОРАЙ ТАЛДЫҚОРҒАНДА АТАЛҒАН САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА АЛҒАШ РЕТ СПАРТАКИАДА ӨТТІ.

Шағын футбол, дойбы, волейбол, үстел теннисі және бильярд сынды спорттың бес түрінен өткізілген жарысқа 21 команда құрамынан жалпы 400-ге жуық қызметші қатысты.

Жарыста топ жарып алға шыққан «Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар» мемлекеттік мекемесінің және осы бөлімге қарасты мекеме өкілдерінен құралған «Талдықорған Тарландары» құрама командасы жүлделі бірінші орынды еншіледі. Жеңімпаз атанған сайыскерлердің дерлігі арнайы дипломдармен, кубок, мақтау қағаз және арнайы медальдармен марапатталды.

АСЫҚ АТУ ТУРНИРІНІҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

«RESPUBLICA» ПАРТИЯСЫ 2024 ЖЫЛҒЫ 10-20 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДА ҰЛТТЫҚ АСЫҚ СПОРТЫ БОЙЫНША АШЫҚ АЙМАҚТЫҚ ТУРНИР ӨТКІЗДІ.

Талдықорған қаласындағы Жастар спорт сарайында өткен асық атудан ересектер арасындағы чемпионатқа 20 адам қатысып, бақтарын сынады. Турнирде үздік деп танылған екі спортшы – Жасұлан Әбдірахманов пен Манас Хазтай 25 күні Астана қаласында өтетін «Respublica» ашық турниріне жолдама алды.

Айта кетейік, Республикалық турнир жеңімпазы автокөлік иесі атанатын болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БӘРЕКЕЛДІ!

АМЕРИКАДА АТОЙ САЛДЫ

Бұл күндері АҚШ-та еңбек етіп жүрген еліміздің азаматтары арасында да дарындылар мен қарымдылар аз емес. Солардың бірі – Бақыткелді Қасенов. Отбасымен бірге алыстағы Америкада тұрып жатқанына бірер жылдың жүзі болған қандасымыз спорт саласында елеулі табыстарға қол жеткізіп үлгерді.

34 жастағы Бақыткелді Жетісу облысы Кербұлақ ауданының тумасы. Сол өңірде ол әр жылдары әлем, Азия чемпионы атанған Берік Жетпісбаев, Мейіржан Қашағанов, Ділдәш Құрышбаева тағы басқа белгілі балуандарды тәрбиелеген майталман маман Бақыт Қоқысбековтің қоластында жаттығып, күрес өнерінің қыр-сырына қанықты. Кейін Асан Жолдыбаев, Варвара Масягина, Ермек Нәсиевтен тәлім-тәрбие алды. Қол жеткізген табысы жаман емес. Самбо мен дзюдодан жасөспірімдер мен жастар арасында облыс чемпионы болды, республикалық турнирлерде сан мәрте жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Спорт пен білімді қатар алып жүрген Бақыткелді Қасеновтің төрт дипломы бар. Әу баста Қазақтың дене шынықтыру, туризм және сервис колледжінде оқыса, кейін Спорт және туризм академиясы, Еуразия технология университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университетін тәмамдады. Түрлі салада еңбек етіп, бірнеше шет тілін жетік меңгерді. Сол еңбегінің жемісін көріп, сонымен қатар білімін жетілдіру мақсатында АҚШ-қа аттанды. Бұл күндері отбасымен бірге Лос-Анджелесте тұрып жатқан қазақтың ұлы спорттан да алшақтаған жоқ.

– *Бозбала шағымнан балуандық өнерге аңсарым ауды. Кіндік қаным тамған Кербұлақ ауданында дзюдо мен самбоның даму барысы өте керемет. Бақыт Қоқысбеков есімді мықты маман осы спорт түрлерінің Сарыөзек өңірінде дамуына барынша еңбек сіңірді. Мен сол кісінің қоластында жаттығып, Берік Жетпісбаев, Мейіржан Қашағановтай ағаларыма еліктеп өстім. Олардың самбодан бағындырмаған белесі жоқ. Дзюдода да өздерін мойындатты. Келесі айда Бақыт Жәкетұлы 70 жылдық мерейтойын атап өткелі жатыр. Сөз орайы келгенде, ұлағатты ұстазыма Америкадан жалынды сәлем жолдап, өскелең ұрпақты спорт пен саламаттыққа баулып қана қоймай, өмірде де дұрыс бағыт-бағдар бере білген абзал азаматты атаулы күнмен құттықтағым келеді*, – дейді Бақыткелді.

Жуырда ғана Америкадан қуанышты хабар жетті. Айналдырған бір ай ішінде Бақыткелді үш бірдей дүбірлі додаға қатысып, барлығында да олжаға кенелді. Атап айтсақ, дзюдодан Нанкадағы «Nanka Fall Tournament», Сан-Хоседегі «San Jose open» турнирлерінде бас жүлдені олжалады. Сол жарыстарда мексикалық Хосе Альварадо, жапониялық Кулен Ямосаки, американдық Роберт Никольс, қытайлық Жасон Ли мен Дакта Чин сынды танымал спортшыларға сан соқтырды. Сонымен қатар, джиуджитсудан ұйымдастырылған Лос-Анджелестегі додада қола медальді мойнында жарқыратты. Б. Қасеновтің ендігі мақсаты – халықаралық аренада атой салу.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КҮНТІЗБЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ЖӘНЕ ЖАҢА ЖЫЛДА ҚАЛАЙ ДЕМАЛАДЫ?

Аптасына бес күн жұмыс істейтін қазақстандықтар 2024 жылдың соңғы айында 10 күн және 2025 жылдың алғашқы айында 11 күн демалады

Қазақстандықтар желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне орай қосымша демалыс алады. 2024 жылы бұл мереке дүйсенбіге түсіп тұр, сондықтан ел тұрғындары үш күн қатарынан демала алады:

14 желтоқсан, сенбі: аптасына алты күн жұмыс істейтіндер үшін бұл күн – жұмыс күні, ал аптасына бес күн жұмыс істейтіндер бұл күні демалады;

15 желтоқсан, жексенбі: демалыс;

16 желтоқсан, дүйсенбі: Тәуелсіздік күні (барлығы демалады).

Ал 30 және 31 желтоқсан – жұмыс күндері.

Қаңтарда қалай демалады?

2025 жылдың қаңтар айында қазақстандықтар Жаңа жылға орай 1 және 2 қаңтарда демалады. Содан соң 3 қаңтар жұмыс күні болады. Кейін 4 және 5 қаңтар қайтадан демалыс. Қазақстандықтар Рождество күніне орай 2025 жылдың 7 қаңтарында, сейсенбіде қосымша демалыс алады.

2025 жылғы қаңтарда қазақстандықтар аптасына неше күн жұмыс істейтініне байланысты әртүрлі демалады.

Аптасына бес күн жұмыс істейтіндер үшін:

30 және 31 желтоқсан – жұмыс күні;
1 және 2 қаңтар – демалыс, Жаңа жыл;
3 қаңтар (жұма) – жұмыс күні;
4 және 5 қаңтар – демалыс;
6 қаңтар (дүйсенбі) – жұмыс күні;
7 қаңтар (сейсенбі) – демалыс, Рождество.

Аптасына алты күн жұмыс істейтіндер үшін:

30 және 31 желтоқсан – жұмыс күні;
1 және 2 қаңтар – демалыс, Жаңа жыл;
3 және 4 қаңтар – жұмыс күні;
5 қаңтар (жексенбі) – демалыс;
6 қаңтар (дүйсенбі) – жұмыс күні;
7 қаңтар (сейсенбі) – демалыс, Рождество.

КЕРЕК КЕҢЕС

КҮНДЕ БАС ЖУУ ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН БА?

Бүгінгі таңда шашыңызды күн сайын жуудың зиянды екендігі туралы ғылыми дәлелдер жоқ. Алайда, шашты жуу арасында тым ұзақ үзіліс жасап қажет емес екенін айтады мамандар.

Бұл дерматиттің, пустулярлы бөртпелердің және басқа да жағымсыз көріністердің пайда болуына әкелуі мүмкін екен.

Дәрігердің айтуынша, шампунь, кондиционер және күтім құралдарын дұрыс таңдай білу шаштың қалпы мен сыртқы түріне үлкен әсерін береді. Егер шашыңыздың жағдайына сәйкес келмейтін гигиеналық құралдарды пайдаланса-ңыз, шашты күнделікті жуу ақуыздар мен липидтердің шайылуына және терінің эпидермиялық тосқауылына зақым келтіруі мүмкін.

Оңтайлы өнімді және сусабынмен жуу жиілігін дұрыс таңдау үшін шашыңыздың қандай типке жататынын анықтау керек. Құрғақ шаштарды аптасына екі реттен артық жуу ұсынылмайды. Майлануға бейім шашты аптасына кемінде үш рет, тіпті одан да жиі жуу керек. Жуу үшін кептіргіш және адсорбциялық әсері бар компоненттерден тұратын сусабынды қолданған дұрыс. Бұл майдың бөлінуін бақылауға және шаштың тез ластануын болдырмауға көмектеседі.

Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Айару ТЕМІРҒАЛИ

Зарина ЗАРИПОВА

Айару ТЫНЫБЕК

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – корректор

Кезекші редактор: Т. ИЕМБЕРДИЕВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1124
Индекс 15534